апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 17/402
01 мая 2015 года
газета издается с 26.06.2004 года

## ЦЕРЕМОНИЯ ИНАУГУРАЦИИ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА



**Глава государства Нурсултан Назарбаев сегодня (*29.04.2015г. - прим. ред.*) официально вступил в должность Президента Казахстана. Церемония инаугурации состоялась во Дворце Независимости**.

"Торжественно клянусь верно служить народу Казахстана, строго следовать Конституции и законам Республики Казахстан, гарантировать права и свободы граждан, добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности Президента Республики Казахстан", – произнес установленный Конституцией текст присяги Нурсултан Назарбаев.

**источник: www.kazpravda.kz**

*Алыстан келген ақ тілек*

## ТАҢДАДЫ ДАРА ТҰЛҒАСЫН

Бізден мың жарым шақырым жырақта жүріп, Тауелібай топырағынан шыққан тамдылық ақын Жарылқасын Досқабылов қазақ еліне, Елбасына деген ақ тілегі мен ізгі ниетін жыр жолдарымен, хат арқылы жолдапты. Қазақстанның болашағына бей-жай қарамайтын ақынның өлеңін оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

**Әр елдің ерлері бар дара тұлға,**
**Бас иген әлем халқы талантына.**
**Арналған Нұрағаңның өмір-жолы,**
**Тек қана жақсылықты жаратуға.**

**Арманмен аттанамыз атар таңға,**
**Шүкір деп жетістікке, қолда барға.**
**Қазақты қазыналы әлемдегі,**
**Көрейін отыз елдің қатарында.**

**Жер-ұйық – Асанқайғы түсіне енген,**
**Құйқалы Сарыарқаның төсін емген.**
**Қалаған Астананың ірге тасын,**
**Өзеннің жағасында Есіл деген.**

**Кең жайған Қазақстан керегесін,**
**Көтерген бәйтеректей мәртебесін.**
**Төрінде ақ орданың Нұрағамыз,**
**Отырып қонақтарды күте берсін.**

**Келетін жақсы жылдар, күндер үшін,**
**Бірлікпен ұстайтұғын ел іргесін.**
**Сайлауда Назарбаев дауыс алып,**
**«Сарыарқа», «Сарыжайлау» күмбірлесін.**

**Бойында парасат пен кемеңгерлік,**
**Дарыған бабалардан өнегелік.**
**Ядролық қаруды жоқ етуі,**
**Қаһардан қаймықпаған асқан ерлік.**

**Қазақтың биіктетсін шаңырағын,**
**Гүлдетіп Ақорданың атырабын.**
**Сайланған Көшбасшысын одан әрі,**
**Қолдауға алты алашты шақырамын!**

**Жаңғыртып дүниені әнұранның,**
**Көк жалау жеңістерде желбіресін.**
**Жолдаған ақ жүректен өз үндеуін,**
**Тауелібайлық ағайын – тілеулесің!..**

**Тауелібайлық ағайындар атынан**
**Жарылқасын ДОСҚАБЫЛОВ**

## ЖЕҢІСТІҢ МЕРЕЙТОЙЫ МҮБӘРАК БОЛҒАЙ!

Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталғанына 70 жыл өтіпті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Ауылда қалған кемпір-шал, балашаға зуылдаған оқ пен лапылдаған от-жалынның арасында жүрген бауырына, әкесіне, ағасына сеп болсын деп, бар күш қайратын жұмсады. Тылдағы әрбір күн соғысқа тең еді. Ардагер көрген зұлматты сен көрген жоқсың замандас, сол үшін оны құрметте!

Бүгінгі мамыражай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Әуеде ұшқыш, жерде танкист, теңізде – теңізші, окопта әскер, блиндажда байланысшы және тылда еңбеккер – бәрі де Ұлы Жеңіс үшін қараниет арам пиғылды фашист оғына өз кеудесін тосты. «Отан» атты ыстық ұғым, тәтті сөз қарсы келген дұшпанға қаймықпай қарауға жігер берді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында!

Ұлы Жеңісті жақындатуға абзал арыстандарымыздың майдан даласында, отандаста-рымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді. Аса қадірлі де, құрметті ата-әжелерімізді Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілеймін! Перзенттеріңіздің қызығы мен қуанышына бөлене беріңіздер!

**Амандық СЕРІКОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

## ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ !

### ҚЫМБАТТЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ! ҚҰРМЕТТІ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Сіздерді бүгінгі қасиетті де қастерлі мереке – Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтаймыз!

Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз!

Жеңіс мерекесі - Отанымыздың абыройы мен тәуелсіздігі үшін қанды ұрыстардағы ержүрек халқымыздың өшпес ерліктерін күллі әлемге паш еткен мереке.

Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Отты жылдары Қазақстаннан миллионнан астам жерлесіміз майданға аттанып, жартысынан көбі үйлеріне оралмады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухтарына бас иіп, тағзым етеміз. Сіздердің ерліктеріңіз-біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Құрметті де қымбатты Ардагерлер!**

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын.

**Құрметпен;**

| | |
|---|---|
| **Қала әкімі** | **Қ.Камзин** |
| **Мәслихат хатшысы** | **Б.Сәрсембеков** |

### ДОРОГИЕ ВЕТЕРАНЫ И УЧАСТНИКИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ, ТРУЖЕНИКИ ТЫЛА!

Примите тёплые и сердечные поздравления с самым торжественным и почитаемым праздником –70- летием Великой Победы!

Несмотря на то,что прошло уже немало лет, Ваш Великий Подвиг бессмертен и в каждой семье есть свои герои и своя память о тех главных днях для нашей страны.

Победа была так давно… Сменились поколения, мы стали взрослыми, и теперь пришел наш черед стоять на страже мира и заботиться о том, чтобы он был благополучным!

С искренним, сыновьим почтением преклоняем мы перед Вами колени. Та дорога по которой мы идем, выложена и выстраданна Вашим подвигом, во имя нашего светлого будущего. Ваши имена навеки вписаны в летопись наших сердец.

**Дорогие и горячо любимые ветераны Великой Отечественной войны!**

В этот день, памятный и для всех вас, и для нас, хочется еще раз выразить Вам огромную благодарность и как же хочется от всей души пожелать мира и тепла Вашему дому. Сказать спасибо, за наш светлый мир вокруг, за нашу свободу, за Вашу победу. Позвольте пожелать Вам крепкого здоровья, долгих лет и заслуженного счастья!

**С Уважением;**

| | |
|---|---|
| **Аким города** | **К.Камзин** |
| **Секретарь маслихата** | **Б.Сарсембеков** |

**Ардагерлер-біздің мақтанышымыз!**
**Ветераны-наша гордость!**



Морозов Иван Павлович · Удилов Георгий Иванович · Алексеева Валентина Михайловна · Кебеева Аймереке Бекболатқызы

### УВАЖАЕМЫЕ ВЕТЕРАНЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ ! УВАЖАЕМЫЕ ТРУЖЕНИКИ ТЫЛА !

Поздравляю вас с Великим праздником – с Днём Великой Победы !

Вся жизнь старшего поколения является достойным примером патриотизма и ответственности за воспитание подрастающего поколения, примером оптимизма и жизнелюбия.

Желаю вам крепкого здоровья и долголетия, мира и добра!

**Р. Талмекеева,**
**председатель Совета ветеранов города Приозерск**

*Өз таңдауымызды жасадық*

# ҚАЛАДА «ЖЕҢІМПАЗДАР ФОРУМЫ» ӨТТІ

Бүгін қалада Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Президенттік сайлаудағы жеңісіне арналған «Жеңімпаздар форумы» өтті.

Өнер және спорт мектебінің залына барлық сала қызметкерлері мен жастар, этно-мәдени бірлестік жетекшілері, сайлау белсенділері жиналды.

Форумды қала әкімі Қайрат Камзин ашып, президенттік сайлаудың ашық, еркін, демократиялық талаптарға сай ұйымшылдықпен және сайлаушылардың жоғары белсендігімен өткенін атап өтті.

«Қала тұрғындарын біздің баршамыздың жеңісімізбен құттықтаймын. Осы тарихи сәтте Елбасын қолдап сайлау учаскелеріне бір кісідей келіп, ұйымшылдық танытыңыздар.

ҚР Президенті сайлауында тізімдегі қазақстанның жалпы сайлаушылар санының 97,7 пайызы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдап дауыс берген. Біздің қала тұрғындарының 99,5 пайызы қазіргі Президентімізге зор сенім артты. Біз өз таңдауымызды жасадық. Президентімізді сайладық. Алдағы кезеңде де Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген басшылығымен көркейіп, гүлдене беретініне сеніміміз мол»,- деді өз сөзінде Қайрат Амангелдіұлы.

Форумда этно-мәдени бірлестігінің өкілдері де өз құттықтауларын жеткізді.

Сонымен қатар қалалық мәслихат депутаты, Приозерск қалалық сайлауалды штабының төрайымы С.Попченко қала тұрғындарына саяси шарада жоғары белсенділік танытқандары үшін рахметін айта келе, Елбасының жеңісі-барлық приозерскіліктер үшін үлкен қуаныш екенін жеткізді.

Жеңімпаздар форумының соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Приозерск қаласы әкімінің баспасөз қызметі**



# В ГОРОДЕ ПРОШЕЛ «ФОРУМ ПОБЕДИТЕЛЕЙ»

27 апреля в городе Приозерск состоялся Форум победителей, посвященный победе Нурсултана Назарбаева на выборах Казахстана.

В здании Школы искусств и спорта собрались представители молодежи, государственные служащие, и все те, кто проделал эту кропотливую работу по подготовке к выборам и их проведению.

«От всей души поздравляю приозерцев с нашей общей победой. В этот историчес-кий миг вы поддержали Главу государства, и я хочу поблагодарить всех принявших участие на голосований жителей города, особенно молодежь.

Я, уверен, что каждый ваш голос отзовется новыми достижениями независимого Казахстана.

На выборах Президента РК за Нурсултана Абишевича Назарбаева проголосовало 97,7% от общего числа избирателей Казахстана, включенных в списки.

Из числа избирателей нашего города за Нурсултана Абишевича Назарбаева проголосовало 99,5 процентов.

Мы сделали свой выбор в Президента, в которого верим. Которому доверяем уже на протяжении двух десятилетий. Президенту, чей авторитет признан во всем мире. Президенту, который выведет наш Казахстан в 30-ку самых развитых стран мира» , - сказал аким города.

На форуме выступили с поздравлениями представители этнокультурных объединений.

А так же депутат городского маслихата, председатель избирательной компании Приозерского городского предвыборного штаба Светлана Попченко поблагодарила жителей города за проявленную на выборах активность и отметила, что победа Елбасы - большая радость для всех приозерцев.

Форум победителей продолжился концертной программой.

**Пресс-служба Акима города Приозерск**

# САЙЛАУ 2015

Үстіміздегі жылдың 26-сәуіріндегі жексенбісі ел тарихындағы маңызды күндердің бірі болып есте қалатын болды. Осы күні, 2015-жылғы 6-сәуірде Мемлекет басшысының 2015-жылғы 26-ақпандағы «Қазақстан Республикасының Президентін кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» жарлығына сәйкес, республиканың барлық өңірінде Қазақстан Республикасының Президентін кезектен тыс сайлау бойынша дауыс беруге қатысты. Президент сайлауы еліміз үшін маңызды саяси оқиға болып табылады. Нақты дауыс беруге қатысты айтатын болсақ, дауыс беру жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 07.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін 9741 сайлау учаскесінде өтеді. Біздің Приозерск қаласында бұдан бұрынғы сайлаулар небәрі үш-ақ жерде өткізіліп келсе, биылғы саулау учаскесінің саны он бірге жетті. Бұл өз кезегінде қаладағы сайлаушылардың өздері тұратын мекенжайға жақын орналасқан аумақтағы сайлау учаскесіне барып, дауыс беруін жеңілдететін болды.

Мемлекеттің жарқын болашағы үшін маңызды болған, Қазақстан Республикасының Президентін сайлау науқаны қаладағы сайлау учаскелерінде 07.00 сағатта басталып кетті. Өздерінің даусының маңызды екенін түсінген сайлаушылардың алғашқы легі осы сәттен бастап-ақ келе бастаған. Сайлау учаскелерінің қасына жақындаған сайын, әсем әуендер дауысы естіліп, маңайға мерекелік көңіл-күй беріп тұрды. Приозерск қаласы әскери гарнизонына қарасты офицерлер мәдениет үйінде орналасқан № 777 және № 778 сайлау учаскелерінде де қызу дауыс беру жүріп жатты. Сайлау комиссиясынң мүшелері өз орындарынан табылып, ең алғашқы дауыс



берушілер ретінде № 777 сайлау учаскесінен Мәншүк Жұмабекқызы Оразалинаны тіркесе, № 778 сайлау учаскесінде Б.Момышұлы көшесі 3-үйдің тұрғыны, ҚР ҚК күштері 06708 әскери бөлімінің офицері Айниддин Акимұлы Нурдумов дауыс беру жәшігіне алғаш болып өз дауыс қағазын салды. Осы учаскеде азаматтық жасқа толып, дауыс беру құқығына ие болған ең жас сайлаушы – Б.Момышұлы көшесі, 5-үйдің тұрғыны Наурызгүл Досқалиқызы Нұрғалиева болды. Аталмыш азаматтарға учаскелік сайлау комиссиясы тағайындаған бағалы сыйлықтар табыс етілді.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,**
суреттерде: сайлау учаскелерінен көріністер

# ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ДНЁМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА!

## ҚҰРМЕТТІ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР!

Сіздерді Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де құдіретті сөз. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы.

Бұл күні біз қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Еліміздің әр азаматы бүгінгі күні де өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда. Отан қорғаушылар күні Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесі.

Қымбатты жерлестер!

Бүгін ерекше күн. Сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгілік пен игілік тілейміз. Ардагерлер мен жауынгерлеріміздің дені сау болып, сарбаздар мен қолбасшыларымыз табысты қызмет ете берсін. Ержүрек те жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!

**Ізгі тілекпен;**

| | |
|---|---|
| **Қала әкімі** | **Қ.Камзин** |
| **Мәслихат хатшысы** | **Б.Сәрсембеков** |

## УВАЖАЕМЫЕ ЗАЩИТНИКИ ОТЕЧЕСТВА!

Поздравляем Вас с государственным праздником 7 мая - с Днем защитника Отечества! Этот праздник – символ мужества и героизма, доблести и отваги. Во все времена солдаты и офицеры, чья почётная профессия – защищать Родину, самоотверженно отстаивали суверенитет и целостность, обеспечивая мирный труд граждан, развитие и процветание нашей великой Родины.

Защита Родины – святой долг каждого гражданина. Каждый, кто прошел нелегкую воинскую школу знает, насколько важны в человеке такие качества как сила и выносливость, поддержка и взаимовыручка.

Выражаем особые слова благодарности и признательности в воспитании подрастающего поколения ветеранам войны и военной службы, героические подвиги которых являются примером истинного патриотизма, беззаветного служения своему народу. Для нас вы - эталон высокой нравственности, стойкости духа, любви к Родине.

**Дорогие земляки!**

Желаем всем крепкого здоровья и удачи в делах! Пусть рядом всегда будут близкие люди и верные друзья, а в семьях царит мир и счастье!

**С Уважением;**

| | |
|---|---|
| **Аким города** | **К.Камзин** |
| **Секретарь маслихата** | **Б.Сарсембеков** |

## ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біздер әрқашанда мақтан тұтамыз. Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз. Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, әр сүйем жер үшін, ата-баба қонысын жаудан көздің қарашығындай қорғап жүрген еңсегей бойлы ерлерді, жаужүрек, қайсар мінезді сардарларымыз бен сарбаздарымызды бүгінгі мерекелерімен құттықтап, зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға баянды бақыт, бейбіт ғұмыр тілеймін! Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңіз толағай табысқа, жеңіс пен жетістікке жеткізе берсін!

**Амандық СЕРІКОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

# САРБАЗЫ ҚАЗАҚТЫҢ

**Алға бас адымдап,**
**Сарбазы қазақтың.**
**Жайнай түс жалындап,**
**Жолында азат күн.**

**Халқымның ұланы,**
**Азаттық – ұраны.**
**Елімді, жерімді,**
**Қорғайтын қыраны.**
**Жігерлі жас ұлан,**
**Халқымның қорғаны.**
**Бойда қан тасыған,**
**Тыныштық арманы.**

**Сәуле бер Күн болып,**
**Елімнің көгінде.**
**Сақшы бол түн қорып,**
**Жерімнің шебінде.**
**Сен сарбаз атандың,**
**Антыңды орында.**
**Тәуелсіз Отанның,**
**Тағдыры қолыңда!**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

# ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ БЕРІК ҚОЛДА

Бүгін еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. 1991-жылғы 25-қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-ң мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992-жылдың 7-мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып құрылғандықтан «7-мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

Аталған жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен үш жүйелі штаб – жаяу әскерлер, әуе қорғанысы күштері мен әскери-теңіз күштерінің бас штабтары бекітілді. Аэроұтқыр күштерге Жоғарғы Бас қолбасшының резерві құзыры берілді. 2001-жылдан Қазақстан 4 әскери – Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс округке бөлінді.

Бүгінгі күні Қазақстан өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару–жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жалпы мақсаттағы күштер, әуе-қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және де ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер кіреді. Өз кезегіне қарай, қарулы күштер түрлі бөлімдерден және әр түрлі құрамалар мен арнайы әскерлерден тұрады.

23 жылдық қалыптасу кезеңінде ұлттық әскер күштері азаматтардың еңсесін тіктеп, еркіндігін кеңейтіп, аянбай еңбек етуде. Әскеріміз жаңарып, оның күш-қуаты жылдан жылға нығаюда. Бұл күн – қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғас тапқан күні.

Дәстүр бойынша, Отан қорғаушылар күнінде Қазақстан Республикасының Президенті (Жоғарғы Бас қолбасшы) Н.Ә.Назарбаев кезекті әскери атақтар тағайындап, көзге түскен әскери қызметкерлерді марапаттайды. Мереке күні еліміздің әр

***(соңы 4 бет.)***

## Ұлы Жеңіске 70 жыл

# ҚАЛА ӘКІМІ МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ ТАБЫСТАДЫ

Өткен аптада қала әкімі Қайрат Камзин қаладағы майдангерлер мен тыл ардагерлерінің үйіне барып Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес дайындалған Жеңістің 70 жылдығы құрметіне арналған мерейтойлық медальдарды табыс етті. Ерліктерімен ұлтқа мақтан, ұрпаққа мұра болған соғыс ардагерлері мен Жеңісті жақындатуға еңбегімен өлшеусіз үлес қосқан құрметке әбден лайық тыл еңбеккерлерін қала әкімі Қайрат Камзин Жеңістің 70 жылдығы мерекесімен шын жүректен құттықтап, оларға зор денсаулық пен күш-қуат, ұзақ ғұмыр тіледі.



Жеңістің 70 жылдық мерекелік медалі қаламызда 4 майдангер мен 19 тыл ардагеріне табысталды.

**Приозерск қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

# ЖЕТІ ЖЫЛЫ ӘСКЕР САПЫНДА ӨТТІ



Гитлердің басқыншы армиясы Отанымыздың шекарасына соғыс жарияламай басып кіргенде, қызылқұмның арасында тып-тыныш тірлік етіп жатқан ауыл адамдарының да төбелерінен жай оғы түскендей болған. Еш дайын-дықсыз, алаңсыз жатқан еліміздің қалалары мен елді мекендерінен кедергісіз басып өткен гитлершіл армия көп ұзамай-ақ Ленинград, Мәскеу қалаларына қауіп төндіріп, атақты Сталин-град шаһарына аяқ басты. Осы кезде елдің барлық жерінен соғысқа жарайтын азаматтарды жаппай майданға шақыру науқаны басталған. Тамды тарихында «Бес жүз бала аттанған» деген атпен қалған жастардың соғысқа аттану оқиғасы әлі күнге жұрттың аузында айтылып келеді. Осы үлкен топтың арасында жасы орда бұзар отыздағы Орынбасар Шілманов та бар еді.

Елдің қабырғасын сөге қайғыға салып кеткен өрендермен бірге, сол кеткеннен Саратов қаласы маңындағы Татишев станциясында алғашқы әскери дайындықтан өткен Орекең 1942-жылдың қыркүйегінде 13-атқыштар дивизиясының құрамындағы 34-полктың сапында Сталинград майданына түсті. Бұл кез нағыз қанмайдан – қырғынның қызған шағы болатын. Еліміздің ең маңызды аймағы саналған Сталинградты жаудан қорғауға кеңес Армиясының басшылығы бар амал-әрекеттерін салды. Жауынгерлердің биік рухы, қайсарлығы мен батылдығы сынға түскен кезең еді бұл. Міне, осы алапат ұрыста Орекеңнің де нағыз қазақ батырларына тән ерлік істерінің көзге түскен сәті болды. Қиян-кескі шайқас үстінде жау әскерімен бетпе-бет, қолма-қол айқасқа түскен кездері де аз болмаған. Сондай жойқын шабуылдың бірінде жарақаттанған О.Шілманов госпитальға түседі. Жарақаты жазылған соң қатарға қайта қосылып, Курск, Брянск майдандарындағы әскери қимылдарға қатысады. Осы ұрыстар үстінде ауыр жарақат алып, ұзақ уақыт емделгесін, 1943-жылдың 3-желтоқсанында елге 6 ай мерзімге демалысқа жіберіледі.

Ел ішінде болып, әбден сауыққан соң, 1944-жылы үшінші рет майданға аттанған Орекең бұл жолы Кәттеқорғандағы запаста тұрған 54-полкқа келіп, сол жылдың ақпанында Самархан қаласындағы санитарлық нұсқаушылар дайындайтын курсқа оқуға түседі. Аталған оқуды шілде айында жақсы аяқтағасын шығыс майданға, атап айтқанда Жапон ұлтшылдарымен жүріп жатқан майдандағы 278-дивизия құрамындағы 855-полктың 1-батальонында санитарлық нұсқаушы болып соғысқа қатысады. Аталмыш ұрыс кезінде көрсеткен батылдығына орай «Ерлігі үшін» медалін омырауына қадайды. Осы жылы Орекеңнің мерейін үстем еткен тағы бір маңызды мадақтау келді. Дивизия командирі, полковник Лазарев пен саяси бөлім бастығы, гвардия полковнигі Жбаковтың қолдары қойылған «Біздің Советтік Отанымыз үшін» деген әшекейлі «Құрмет грамотасында» төмендегі сөздер жазылған екен: «Құрметті жолдас, кіші сержант Шілманов Орынбасар! Жолдас Бас Қолбасшы, Генералиссимус жолдас Сталиннің 1945-жылғы 23-тамыздағы №372 бұйрығына сәйкес, Сізге жапон басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен үздік әрекеттеріңіз, Үлкен Хинган таулары мен монғол даласын азат етуге үлес қосқаныңыз үшін алғыс жариялаймын!

Сізді құттықтаймын және Сіз алдағы уақытта да өзіңіздің және кеңес қаруының даңқын арттыра отырып, өзіңіздің сүйікті Отаныңыздың қуатын нығайтады деп сенім артамын!». Осындай үлкен сенім мен лайықты мадақтаудың арқасында партия қатарына мүше болып қабылданды. Ол жапондармен соғыс жеңіспен аяқталған соң да елге оралмады. Орекеңді Тынық мұхиты флотының атақты адмирал Юмашев басшылық ететін 15-бригадасындағы 88-арнаулы атқыштар батальонына жіберді. Осында 1947-жылдың мамыр айына дейін қызмет еткен О.Шілманов туған жеріне, екі көздері төрт болып күтіп отырған отбасына, туған-туыстарына аман-сау, абыроймен оралған еді.

Бейбіт өмірде ол кісі әртүрлі лауазымдық қызметтер атқара жүріп, медициналық білімін жетілдіріп алды. Аяққұдық ауылдық ауруханасында меңгеруші болып жүргенде өз қызметін мінсіз атқарғаны үшін оны аудандық десаулық сақтау бөліміне меңгеруші етіп, лауазымын көтереді. Қызметі мен жұмысына тиянақты, талапшаң, қолға алған ісіне жауапкершілікпен қарайтын арда азаматтың қызметі өсіп, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық санэпидемстанцияның бас дәрігері, аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Ауданның десаулық саласының жетілуіне мейліінше үлес қосты. Ауданда кіші медицина қызметкерлерін дайындайтын курстың ашылуына мұрындық болып, осы курстың басқарушысы және алғашқы оқытушысы болды. Ол 1989-жылы құрметті еңбек демалысына шыққанша ауданның, ұжымының мақтанышы болған азамат еді. Соғыста және еңбекте көрсеткен жетістіктері үшін омырауына «І-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені мен 14 медаль тақты.

Орекең жан жары Базаркүл әжеміз екеуі Аня, Бұхарбай, Әдібай және Сәрсенбай есімді перзенттерін үлгілі азаматтар етіп тәрбиелеп, бәрінің жоғары білім алуына, ұстаздық жолды таңдауларына ықпал етті. Атамыздың 4 баласынан қазіргі таңда 18 немересі, 11 шөбересі бар. Халқы мен перзенттерінің алдында бақытты да баянды өмір сүрген атамыз 2007-жылы 85 жасында дүниеден өтті. Өнегелі әке, ұлағатты ата болған Орынбасар Шілмановтың жарқын бейнесі оны көргендер, қызметтес болғандар, одан тәлім-тәрбие алғандардың және ұрпақтардың жадында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

## Великой победе 70 лет

# АКИМОМ ГОРОДА БЫЛИ ВРУЧЕНЫ ЮБИЛЕЙНЫЕ МЕДАЛИ



На прошедшей неделе аким города Кайрат Камзин посетил ветеранов Великой Отечественной войны и тружеников тыла, проживающих в г.Приозерск, и поздравил с наступающим праздником, пожелал им крепкого здоровья и долгих лет жизни.

От имени Президента страны аким города К.Камзин вручил ветеранам, в ознаменование 70-летия победы в Великой Отечественной войне, юбилейные медали и подарки.

Всего было вручено 23 медали участникам Великой Отечественной войны и труженикам тыла.

**Пресс-служба акима города**

# «НИКТО НЕ ЗАБЫТ, НИЧТО НЕ ЗАБЫТО»

**(Из коллекции документов личного происхождения «Ветераны ВОВ и труда» государственного архива г. Приозерск)**

В годы минувшей войны, ставшей тяжелым испытанием стойкости и мужества наших отцов и дедов, было совершено немало подвигов. Сегодня я хочу рассказать об артиллеристах, вернее об одном из них, чьи боевые заслуги вызывали глубочайшее уважение и похвалу.

… Той памятной зимой 41-го года было очень холодно. 19-летний паренек помогал родителям запасать топливо на зиму, ведь Бог знает, сколько она продлится. И вот в один из декабрьских дней пришла повестка: Орынбай Унтаков призывался в ряды Советской Армии. Так как шла война, службу он начал с краткосрочных курсов в Петропавловске, где шла ускоренная подготовка артрасчетов, после окончания которых Орынбай Унтаков был направлен командиром расчета на фронт под г.Ржев, где и получил свою первую медаль «За отвагу». За свои боевые заслуги он получил и орден II степени. После Ржева они освободили 510 деревень. Затем бои в Великих Луках. За героизм под Ржевом и в Великих Луках Орынбай Унтаков награжден орденом Боевого Красного Знамени.

Враг бросал на фронт все новые силы и, не считаясь с большими для него потерями, лез в глубь Советского Союза. «Ни шагу назад!» - гласила директива Ставки Верховного. На сталинградском направлении наступало около тридцати гитлеровских дивизий. С воздуха их поддерживали эскадры 4-го воздушного флота-1200 самолетов. Несмотря на огромный численный перевес врага, наши бойцы до последней капли крови защищали каждую прядь родной земли.

В ноябре 1942 года часть, где служил Орынбай Унтаков, направляют под Сталинград. 1 декабря 1942 года, шел тяжелый бой. Немецкие танки наступали на наши рубежи, а взвод под командованием О. Унтакова прямой наводкой все бил и бил по вражеским танкам.



Во время боя один из их расчетов был «заутюжен» в землю немецким танком, второй продолжал защищать позицию. Командир заметил, как вражеский танк подошел близко и его десант успел метнуть гранату в их сторону, пока их расчет перезаряжал орудие... Взрыв... И дальше Орынбай Унтаков не помнит ничего.

Его, раненого, доставили в Ивановский госпиталь, где он очнулся через несколько дней. Долго пришлось пролежать на госпитальной койке, и только в августе 1943 года он был комиссован и вернулся домой.

Возвратившись с войны инвалидом, Орынбай Унтаков жил и работал на благо своей Родины. Он никогда не жаловался на трудности, боролся с ними. Вырастил и поставил на ноги своих детей. Орынбай ата был полон сил, идей и оптимизма. Но к сожалению, вот уже пять лет, как Орынбай ата покинул этот мир. Но в наших сердцах, в наших душах запомнится его героический подвиг. Имя «Орынбай Унтаков» будет жить в веках, и наше поколения, наши дети будут чтить память героя «ВОВ».

**С.Болатова,**
*архивист Государственного архива г. Приозерск*

# ҮШ МАЙДАННЫҢ АРДАГЕРІ

«Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген халық мақалының тереңінде қандай ұлағатты ұғым жатыр десеңізші. Қазақ қашанда екі ауыз сөзбен айтар ойын түйіндеп тастауды жөн көрген шешен халық қой. Үш бірдей майданға қатысып, оқ пен оттың арасынан аман оралған, соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында тиянақты еңбек етіп, ұрпақтарын елдің қамын жейтін абыройлы азаматтар етіп өсірген Балғара Аймағанбетұлының есімі бүгінде Балқаш өңірі мен Қарағанды аймағына кеңінен таныс. Ел басына қатер төнгенде төсін ажалға тосып, Ұлы Отанын, өзінің сүйген елін неміс-фашист басқыншыларының улы тырнағынан арашалауға қатысқан азаматтың аты өзі дүниеден өтсе де, елжұртының жадынан өшпек емес. Ұлы Жеңстің 70 жылдығы қарсаңында жаужүрек жауынгер, майталман еңбеккердің жарқын бейнесін тағы бір рет еске алып қойғанымыз жөн болар деген пейілмен, ол кісінің өткен өнегелі өмірі жайында сөз қозғауды құп көрдік.

Балғара атай заманның қиын кезінде, 1913-жылы Қарағанды облысының қазіргі Приозерск қаласы орналасқан, Балқаш көлінің жағасындағы Қоржынтүбек ауылында дүние есігін ашқан. Бала кезінде ата-анасы Тасарал ауылына көшіп барып, осы жерде бастауыш мектепте білім алады. 1928-жылы мектепті аяқтаған 15 жасар бозбала еңбек жолын балықшылықтан бастайды. Еті тірі, іске пысық балажігіттің болашағынан көп үміт күткен колхоз басшылығы 1933-жылы «Қызыл қазақ» колхозына мүшелікке қабылдайды. Халықтың ризық-несібесін молайту жолында еңбек етіп жүрген атпал азамат 1939-жылы әскери комиссариаттың шақыруымен әскер қатарына алынып, «Комсомольск на Амуре» қаласында әскери сапқа тұрады. Әскери өмір жас жігітке жеңіл сый дайындамаған екен. Ол 1941-жылдың жазына дейін 9-атқыштар полкының 3-атқыштар ротасында Финдерге қарсы соғысқа қатысып, енді елге қайтуға дайындалып жатқанда аяқ астынан Ұлы Отан соғысы бұрқ ете қалды. Сөйтіп, екі жыл елден жырақта болған, туған елі мен ата-анасын, туысқандарын сағынған жігіт шет-шегі, қашан бітері бір құдайға ғана аян аласапыран соғыстың алғашқы күнінен бастап, қанқұйлы жаумен жағаласуға кірісіп кеткен еді.

Әскери-соғыс өнерінен толық хабардар сақа жігіт қарсы келген дұшпанның қапы тұсын табуды, атқан оғын жау жүрегіне дәл қадауды жақсы меңгергендіктен, өзін, қасындағы каруластарын ажал оғынан қорғауды да бір сәт есінен шығармаған. «Соғыста ерлік жасау үшін – ажалдан аман қалуды ойлау керек», деген әскери даналық сөздің мәнісін жақсы пайымдағандықтан, талай туралап келген ажалдан аман қалды. Жарақат алғанымен, уақтылы емделіп, майданға қайта кіріп отырған ол еліміздің талай қалаларын жеңіс жолымен басып өтті. Жеңісті майдан даласында, жеңімпаз жолдастарымен бірге қарсы алған Б.Аймағанбетұлы 1945-жылдың маусымынан 1945-жылдың қазан айна дейін 2-гвардиялық әуе десантының полкында атқыш бола жүріп, жапон ұлтшылдарының тізе бүгуіне де үлес қосты. Үш бірдей соғыстың ажал оғын себелеген ортасында шыбын жанын шүберекке түйе жүріп, 1945-жылдың 18-жұлдызындағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің 25.09.1945-жылғы Жарлығына сәйкес әскерден босатылып, аттай алты жыл бойы сағынышпен есіне алып жүрген туған жердің топырағына қарай жұмырдықтай жүрегі алып-ұшқан еді. Омырауына соғыста көрсеткен ерліктерін паш еткен «За атвагу», «Боевые заслуги» медальдарын тағып қайтты.

Бұл сәт – елдің күйі тайған, ұзаққа созылған соғыс қажытқан кезең еді. Белін буып, білегін сыбанған Балекең көп дем аламай-ақ аулындағы еңбектің көрігін қыздыруға, елдің еңсесін көтеруіне қолқабыс ету үшін жұмысқа араласып кетті. 1955-жылы колхоздың кеме капитаны курсына жіберіліп, осы мамандықтың тұтқасынан, кеменің штурвалынан ұстады. Қыс айларында балықшылар бригадасының бригадирі болып, кетуі кеткен халық шаруашылығын дамытуға барынша өз үлесін қосты. «Қанды қырғынның

(соңы 4 бет.)

## Ұлы Жеңіске 70 жыл

# ҮШ МАЙДАННЫҢ АРДАГЕРІ

*(соңы. басы 3 бет.)*

қасабынан тірі қалғаныма қайран қаламын. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», «Алла-тағала өрттің ішінен мақтаны аман сақтайды», - деген мақалды тегін айтпаған екен ғой, мен де соны өз басымнан өткерген, көрер жарығым мен қызығым, татар дәм-тұзым бар несібелі жан екенмін. Елімнің, отбасымның алдында күш-қайратымды мемлекетімді көркейтуге жұмсасам, дүниеге әкелген перзенттеріме тәлім-тәрбие берсем, олардың азамат болуына ықпал етсем, сөйтіп әкелік парызымды өтесем, татар дәмім таусылғанда туған топырағымның қойнында жатсам, менің басқа арманым болмас еді», дегенді Балекең көзі тірісінде жиі айтып отырады екен. Құдай қосқан қосағы, 3 ұл мен 3 қызды сыйлаған Айтбала әжеміз де тылда еңбек етіп, бейбіт кезеңде еріне адал жар, балаларына аяулы ана бола білді. Білек қоса еңбек майданының сапында тұрып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысты. Балекең бейбіт өмірде бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаттығына сайланып, халықтың аманатын, сенімін ақтады. Басқарма тарапынан қаншама алғысқа, бағалы сыйлықтарға ие болды. «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «Лениннің туғанына 100 жыл», «Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 25 жыл» мерекелік медальдарымен және КСРО Қорғаныс министрі, маршал А.Г.Гречконың атынан «За доблесть и отвагу в Великой Отечественной войне», «Еңбегі сіңген колхозшы», «Социалистік жарыстың екпіндісі» төсбелгілерімен марапатталған.

Балекеңнің өмірдегі армандары мен мұрат-мақсаттары жүзеге асты Перзенттері сенімі мен үмітін ақтады. Тұңғыштары Ерқара Балғараұлы Аймағанбетов Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХЭА академигі. 2004-жылы Елбасының Жарлығымен Ерқара Балғараұлы «Құрмет» орденімен марапатталды. Ерғали Балғараұлы мұғалімдік, мектеп директоры, ауыл әкімі секілді лауазымдық қызметтерді атқара жүріп, ҚР БҒ Министрлігінің Құрмет грамотасын алған. Кіші қызы Мейрамгүл Балғарақызы Приозерск қаласындағы «ТҮҚКБ» МКК-да бас есепші болып біраз жылдардан бері қызмет етіп келеді. Оның жұбайы Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты және ҚР журналистер одағыны мүшесі. Б.Аймағанбетұлынан өрбіген немере-шөберелері де қоғамдағы белсенді өмірге араласа бастады. Небәрі алпыстан асқан шағында дүниеден өткен, үш бірдей майдан мен еңбек ардагері болған айтулы азамат бүгінде арамызда жоқ болғанымен, ол жайлы айтылар жақсы естеліктер әлі де таусылмайтыны сөзсіз. Еліміздің азаттығы үшін қаны мен терін төккен осындай ерлердің даңқы арта берсін!



**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**ҚР журналистер одағының мүшесі,**
**Приозерск қаласы.**

# ОЛАРДЫҢ ЖОЛЫН КЕСПЕҢДЕР

Майданда – қанын, еңбекте – терін төккендер,
Намысын – қайрап, қаруын – сайлап өтекендер.
Бірлік пен достық, ерлікті серік еткендер,
Ұлы Жеңіске осылай қолы жеткендер!
Олардың алдын ешқашан кесіп өтпеңдер!..

Семсерден қаны, маңдайдан тері сорғалап,
Ұмылды алға, тұрмады орда қорғалап.
Жауына қарай ажалдың оғын жұмсады,
Ойында – жеңіс, Отанын солай қорғамақ.

Тайсалмай олар жарылған бомба, оқтардан,
Жауынгерліктің міндетін адал атқарған.
Нарсұтбай, Нүркен, Төлеген...
жанын құрбан ғып,
Өзінің елін жауынан аман ап қалған.

Әлия-Мәншүк – шығыстың екі жұлдызы,
Тым ерте солды қызғалтақ гүдер қырмызы.
Ерлігі ерге бергісіз батыр қыздарды,
Тұтады үлгі қазақтың бүгін ұл-қызы...

Жетпіс жыл өтті...
Еліме Жеңіс келгелі,
Есінде ердің жеңісті күннің өрнегі.
Жасампаз елге тыныштық заман сыйлаған,
Азайып жатыр жеңімпаз ұрпақ кеуделі.

Майданда – қанын, еңбекте – терін төккендер,
Еңбектеп жүріп, қабырғаларын сөккендер.
Алапат соғыс ішінде азап шеккендер,
Намысын – семсер, үмітін – найза еткендер.
Отаны үшін қып-қызыл қанға бөккендер,
Қаншама қыршын құрбандық болып кеткендер...
Осылай ғана жеңіске қолы жеткендер,
Олардың жолын ешқашан кесіп өтпеңдер!..

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

# Я - ЗАЩИТНИК СВОЕЙ РОДИНЫ

**История создания и формирования вооруженных сил Республики Казахстан берет начало в 1992 году, когда седьмого мая глава государства Нурсултан Назарбаев подписал указ о создании вооруженных сил.**

Проводы в армию – серьезный и ответственный момент в жизни каждого мужчины. 22 апреля 2015 года на территории войсковой части



44841 прошло значимое событие – проводы призывников. Нужно отметить, что в этом году весенни призыв состоялся накануне праздника, 70 лет победы в ВОВ. Поздравить молодых людей с таким значимым событием пришел капитан войнской части 44841 Маутов Жанарбек, он отметил, что вооруженные силы – это один из важнейших факторов, обеспечивающих безопасность нашей страны.

На сегодняшний день успешно реализовывается военная доктрина, принятая в октябре 2011 года. В стране сформирована и успешно развивается современная и боеспособная армия, состоящая из настоящих патриотов своей родины. О том, что служба в армии – это настоящая школа жизни для молодого поколения, сказал директор центра по работе с молодежью г. Приозерск. Все приветствовали призывников, пожелали им удачи, терпения и силы духа, ведь дома их ждут родные и близкие.

**Центр по работе с молодежью**
**г. Приозерск**

## *Ұрпақ тәрбиесі – ортақ іс*

# ПРОКУРОРДЫҢ КӨМЕКШІСІ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Қаламыздағы № 2 орта мектептің мәжіліс залында Приозерск қаласы прокурорының көмекшісі, 2-сыныпты әділет заңгері Арман Нариманұлы Әбіловтың қатысуымен мектептегі жасөспірімдермен кездесуі ұйымдастырылды. А.Н.Әбіловпен бірге Қарағанды облысы Ішкі Істер Департаменті Приозерск қаласы ішкі істер бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесі ювиналдық полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Әлия Қалабайқызы Құрманғожина және білім беру ұйымына бекітілген учаскелік полция инспекторы, полиция капитаны Мадина Бекенқызы Дайрбековалар болды. «Жасөспірімдердің құқығын қорғау туралы» тақырыбындағы дәрісін тыңдауға 8 және 11-сынып оқушылары, сынып жетекшілері мен оқытушылар, мектеп психологы қатысты.



–Адам баласының ересек өмірге қадам басатын, жасөспірім кезіндегі өтпелі кезеңі қазіргі таңда да маңызды және қиын болып саналады, – деп дәрісін бастаған А.Нариманұлы, өмірде өсіпжетілудің оңай болмайтыны, балалық шақтың ең керемет кезең екені, бұл кезде саған қарайтын, қамқоршы болатын, барлық жағдайыңды жасайтын жандардың болатыны, баланың өзі жасаған әрекеттеріне жауапкершілік жүктемейтіні, өзінше шешім қабылдамайтындығы жайында әңгімесін жалғастырды. Осы кезеңде үлкендердің сөзіне, ақыл-кеңесіне құлақ асып, өмірлік тәжірибелеріне сүйенгені дұрыс болатынын сөз етті. – Олардың сапалы қасиет-терінен өнеге ала отырып, үлкен өмірге қадам қойғанда – баланың алдынан көптеген қиындық-тар кездеседі. Осы қиындықтарға қарсы тұра білу және өзіңді қауіпсіз сезіну үшін қатігездік пен зорлықзомбылыққа, мектепте және қоғамдық орындарда үрей туғызатын, жолдан азғыратын әрекеттермен күресуді білулерің керек. Осындай қолайсыз жағдайларға тап болғанда сендерді қолдайтын педагогтар мен ата-аналарыңнан басқа құқықтық қорғаушыларың бар екенін бі-луге тиіссіңдер. Қазақстан Республикасында жасөспірімдердің құқығын қорғайтын негізгі құжат – Конституция, «Неке (жұбайлық) және от-басы» туралы Кодекс, бала құқығы туралы Тұжы-рымдама болып табылады. Одан басқа, Азамат-тық, Еңбек, Қылмыстық және Қылмыстық-процессуальдық, Әкімшілік кодекстер де балала құқықтарын қорғауға арналған. Бұл құжаттарды оқып-үреніп, өз құқықтарыңды қорғауға қолда-нудың өздерің үшін маңызды екенін естеріңде тұтыңдар.

Бұдан әрі еліміздегі және үлкен қалалардағы балаларға жасалып жатқан зорлық-зомбылық, кемсіту, қорлау, тонау, арын төгу және балалар тарапынан болатын бұзақылық, есірткіге, ішкілік пен темекіге еліктеушілік бойынша статистикалық мәліметтерден нақты мысалдар келтірілді. Жасөспірімдердің арасындағы жасалатын ауыр қылмыстардың кесірінен қаншама жас өмірдің тозаққа айналып жатқаны, олардың жасаған қылмысына сай ауыр жазаға кесілетіні немесе жасы кәмелетке толмағандардың бостандығы шектеулі мектеп-интернаттарға жіберілетіні жайында мәліметтер берілді. Мәселен, бір ғана Астана қаласының өзінде 2014-жылғы мәлімет бойынша, 1 жылда 124 қылмыс жасөспірімдер тарапынан жасалыпты. Мұндай қылмыстық істер еліміздің өзге аймақтарында да тіркелуде. Осындай өкінішті жағдайлардың орын алуына, олардың бейуақта, белгісіз, күмәнді істермен айналысуына көбіне балалар мен жасөспірімдердің ата-аналарымен қоса, қоршаған ортаның да ықпалы болатыны ұғындырылды.

Көшеге шыққанда қымбат телефон, асыл бұйымдар, ақша т.б. көз қызықтыратын заттар алып жүргенде оларды көптің көзінше көрсетпеу керектігі, егер бөгде адамның өзіне назар аударғанын сезсе немесе күдіктенсе, дереу жақын маңайдағы дүкенге, дәмхана немесе дәріханға кіру, әлде адам көп жиналған жерге бару керектігі және байқаған қаупі туралы әлгі орындардың иесіне, әйтпесе үлкен кісіге айтып, жедел полиция бөлімшесіне хабарлау қажеттігі түсіндірілді. Егер тосаттан сіздің телефоныңызды әлде қымбат затыңызды тартып алуға әрекеттеніп, дене жарақатын салатын, немесе өміріңе қауіп төндіретін құралдармен шабулдаған жағдайда, оған қарсылық көрсетпеу, заттардан гөрі адам өмірі мен денсаулығы қымбаттығы айтылып, тонаушының бет-жүзін, ерекше белгілерін, киімінің түр-түсін жадыңа сақтап қалу, сосын дереу полицияға хабарласу керектігі ескертілді. Ата-аналары есірткімен, маскүнемдікпен айналысатын, ұрып-соғатын, жүйкесіне, денсаулығына әсер ететін жағдайда, оларды қорғайтын тиісті орындардың бар екендігін және қайда хабаласу қажеттігін естеріне салып өтті. Қажетті жағдайда хабарласу үшін арнайы сенім телефонының нөмірі берілді. Оларға қалада түнгі 23.00 сағаттан кейін көшеде жүрмеу, дәмхана, сауық-сайран орындарына бармау, ондай жағдайда кезекші полиция тарапынан ұсталынып, тиісті шара қолданылатыны, оның ақыры жақсылыққа әкелмейтіні ескертілді. Жиынға қатысқан жасөспірімдерге прокуротура тарапынан дайындалған 19 сұрақтан тұратын анонимді әлеуметтік сауалнама таратылып, оны балалар сол жерде толтырып, тапсырды. Оқушыларм мен оқытушылар тарапынан бірнеше сауалдар қойылып, оған прокурор көмекшісі мен Ә.Қ.Құрманғожина қанағаттанарлық жауап берді. Әсерлі өткен құқықтық дәріс болашаққа қадам басып келе жатқан балалар мен жасөспірімдерге ой салатын, әр қадамына назар аударуға ықпал ететін сабақ болды деп ойлаймыз.

Дәріс соңында оқытушылар мен оқушылар бүгінгі маңызды кездесуді ұйымдастырған тұлғаларға алғыс айтып, осындай өмірлік маңызы бар кездесулер мен дәрістердің жиі өткізіліп тұрғандығын қалайтындарын жеткізді.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*

# ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ БЕРІК ҚОЛДА

*(соңы. басы 2 бет)*

аймақтарында орналасқан әскери құрамдар мен бөлімдерде құттықтау рәсімдері өткізіледі. Жекелеген сардардарлар, сарбаздар мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілер Отан қорғау ісіне сіңрген еңбектеріне, қызметтеріне қарай әскери дәрежелермен, мадақтамалар және сыйлықтармен марапатталады.

